

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН  
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА  
В РАЗНОВОЗРАСТНЫХ ГРУППАХ**

Астана  
2018

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі*  
*«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығында әзірленген*

Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдары – Астана, 2018 ж. – 24 бет.

**Пікір жазғандар:**

Т. Байназарова п.ғ.к.

М. Махамбетова меңгеруші

Г. Смагулова әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйымдардың (шағын орталық, отбасылық балабақша, мектеп-балабақша кешені) түрлі жас топтарында балалармен педагогикалық процесті ұйымдастыру бойынша материал ұсынылған.

Аталған құрал мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагог қауымға, педагогикалық ЖОО мен колледждердің студенттеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2018 ж. 5 сәуірдегі № 3 хаттама).

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі уақытта республикада түрлі жас топтары қарастырылатын әртүрлі мектепке дейінгі ұйымдар қызмет көрсетеді: шағын орталықтар, отбасылық балабақша, «мектеп-балабақша» кешені және т.б. Педагогтерден түрлі жас топтарымен жұмыс істей білу ерекшелігі және бағдарламалық талаптарды балалардың жеке ерекшеліктерімен сәйкестендіре білу талап етілетіндіктен, бұл топтарда оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру күрделі болып келеді.

Түрлі жас топтары – бұл баланың әлеуметтік қарым-қатынас мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін қамтитын, жасанды түрде бөлінбейтін толыққанды балалар қауымдастығы.

Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастыру баланың жас және жеке ерекшеліктерін, қарым-қатынас стилін, білім беру мазмұнын таңдауда саралау тәсілін ескере отырып, құрылады.

Түрлі жас топтары мектепке дейінгі ұйымның құрамдас бөлігі, білім беру процесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын айқындайтын, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұнына, балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейтін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алады.

**Мақсаты:** педагогтерге мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету.

**Міндеттері:**

- педагогтерді түрлі жас топтарында балаларды тәрбиелеу мен оқытудың әдістерімен және құралдарымен қамтамасыз ету;
- түрлі жас топтарында балалардың дамуы үшін қажетті заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда көмек көрсету;
- ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету.

Әдістемелік ұсынымдар келесі бөлімдерден тұрады: «Түрлі жас топтарының қызметін ұйымдастыру», «Түрлі жас топтарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың негізгі тәсілдері», «Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау», «Дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар», «Түрлі жас топтарындағы күн тәртібін ұйымдастыру», «Мектепке дейінгі ұйымдардағы түрлі жас топтарында ойын әркетін ұйымдастыру».

Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысында әдістемелік ұсынымдарды қолдану түрлі жас топтарының педагогтеріне білім беру процесінің нәтижелілігін арттыруға және мектепке дейінгі балалалық шақ кезеңінің өзіндік құндылығы мен ерекшелігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## **ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Түрлі жас топтарының әрекетін ұйымдастыру білім беру процесінің және күн тәртібі сәттерінің барысын бақылауды қарастырады.

Түрлі білім беру жағдайларында балаларды бақылау нәтижесі түрлі жастағы балалар қауымдастығында байқалатын жағымды сәттерді анықтауға мүмкіндік береді:

- түрлі жастағы балалармен қарым-қатынас барысында ересек жастағы балаларда мінез-құлықтың мақсатты құрылымын қалыптастыратын: достық, жанашырлық, бастамашылдық, дербестік пайда болады;

- сәбилердің ересектермен қарым-қатынасында мәдени-гигиеналық дағдылары жылдам және тиімді қалыптасады, тілі дамиды, мінез-құлық тәжірибесі, қарым-қатынасы байытылады.

Мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау мен ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар және тәрбиешіден педагогикалық шеберлік мынадай бағыттар бойынша:

- балалар дамуының мақсатты бағыты ретінде барлық жас топтарының бағдарламалық міндеттерін білуі;

- бағдарламалық міндеттерді балалардың жас және жеке мүмкіндіктерімен сәйкестендіре білуі;

- балаларды шағын топтарға тек жастары бойынша ғана емес, басқа да сапалы көрсеткіштері бойынша: жеке мүмкіндіктеріне, жақын даму аймағына, ерекше білім алу қажеттіліктеріне, арнайы қабілеттеріне, бейімділіктеріне қарай бөлуі;

- педагогикалық бақылауды жүзеге асыру қабілеті, әрбір баланы түсініп, оның қиындықтары мен табыстарын көре білуі;

- білім беру жағдайларының өзгерісіне жылдам әрекет ету, қалыптасқан жағдайға сәйкес білім беру мазмұнының тиімді түрлерін, әдістерін тандауы талап етіледі.

«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы, 2017.07.04.берілген өзгерістер мен толықтырулармен) мектепке дейінгі білім берудің қол жетімділігін және вариативтілігін қамтамасыз ету үшін, балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқытуда қолайлы жағдайлар жасау үшін мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері құрылады, оларда балалар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

Түрлі жас топтарының болуын қарастыратын мектепке дейінгі ұйым түрлері (бір жастан үш жасқа дейінгі балалар, үш жастан алты жасқа дейін (жеті)): мектепке дейінгі шағын орталық, отбасылық балабақша, шағын жинақталған балабақша, «мектеп-балабақша» кешені.

Түрлі жас тобы мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің бұйрығы негізінде ашылады.

Түрлі жас тобы қажетті материалдық-техникалық жағдайлармен және кадрлармен қамтамасыз етілген (бөлінген қаражат шегінде) жағдайда құрылады

және санитарлық-гигиеналық талаптар мен өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес, қажетті ойын және спорттық құрал-жабдықтармен, оқу-көрнекілік құралдарымен және материалдарымен жабдықталған, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлмелерде ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар топтарының толымдылығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы) және балалардың саны 20-дан артық болмауы тиіс.

Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органы бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Баланы түрлі жас тобына қабылдаған кезде мектепке дейінгі ұйым басшысы ата-анасын (заңды өкілдерін) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларымен, Жарғысымен, қабылдау тәртібі мен білім беру процесін және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тәртібін реттейтін құжаттармен таныстыруға міндетті, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау үшін төлемақы мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және басқа да шарттар айқындалады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері ішкі тәртіп ережелерінде және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында нақтыланады. Олар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, өзге де заңнамалық актілерге қайшы келмеуі тиіс.

Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар.

Түрлі жас топтарында 2 жастан 6 (7) жасқа дейінгі түрлі жастағы балалар тәрбиеленетіндігіне байланысты педагог Үлгілік оқу бағдарламасындағы барлық жас топтарының мазмұнын білуі қажет, бағдарламалық талаптарды балалардың жас және жеке ерекшеліктерімен салыстыра білуі, зейінін дұрыс бөле білуі, әрбір баланы және барлық топты толықтай түсініп, көре білуі, балалардың дамуын олардың мүмкіндіктеріне сәйкес қамтамасыз етуі тиіс.

## ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесі мынадай тәсілдерді:

- *саралау*, балалардың жас мүмкіндіктерін ең жоғары көлемде есепке алу ұсынымына негізделген, жастары шамалас балаларды есепке ала отырып, топтарды шағын топтарға бөлуді қамтамасыз етуді;

- *жеке*, педагогтер, психологтар, ата-аналар яғни, тәрбиелеу мен оқыту процесіне барлық қатысушылардың баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруына және оның қабілеттерін дамытуына бағытталуын;

- *ойын*, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын белсендіруге ықпал ететін ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде қолдануды;

- *денсаулық сақтау*, балалардың денсаулығын сақтауды және нығайтуды;

- *инновациялық*, баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін және мектепке дейінгі ұйымның қызметін бақылауға бағытталуын;

- *құзыреттілік*, баланың дамуын және мектепке дейінгі ұйымның қызметін қалыптастыруды;

- *гендерлік*, қыздар мен ұлдарға арналған ойыншықтардың материалдардың, заттардың ерекшеліктерін есепке алуды қамтамасыз етуді;

- *серіктестік*, балалар мен ересектердің бірлескен әрекетін және балалардың дербес әрекетін ұйымдастыруда икемді тәсілді іске асыруды қарастырады. Серіктестік тәсілінің мәні мынада: тәрбиешінің әрекетке балалармен тең дәрежеде түсуі (ынтымақтастық); әрекет кезінде балалардың еркін қарым-қатынас жасауы (жұмыс кеңістігінің сәйкес орналастырылуы); ашық кеңістік (әрбіреуі өз қарқынымен жұмыс істейді).

Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау мынадай ұстанымдарға:

- балаларға қолайлы оқу жүктемесін сақтауға (ұйымдастырылған оқу қызметінің саны мен ұзақтығы Санитариялық қағидаларға сәйкес);

- білім беру салаларын кіріктіруге;

- әрбір келесі буында алған білімдерін бекіту, кеңейту және тереңдету жалғасатын тәрбие мен оқытудың бірлігіне, сабақтастығына, үздіксіздігіне;

- Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданып, ұйымдастырылған оқу қызметін интерактивті құруға (оқыту және дамыту бағдарламаларын қолдану, сандық, мәтіндік, бейнелік ақпаратты қолданып, ғаламтордан ақпаратты алу және жүйелеу білу және т.б.) негізделеді.

## ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ

Мектепке дейінгі ұйымдардың меншік нысанына қарамастан барлық түрлерінде білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2016 жылғы 13 мамырдағы №292 ҚРҰҚ), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру процесі:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;
- апталық циклограмма арқылы іске асырылады.

Балалардың жастарына сәйкес индикаторлар жүйесі негізінде балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін мониторинг жүргізіледі.

Педагог түрлі жас топтарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыра отырып, топтың әрбір баласын жасына, жынысы мен жеке ерекшеліктеріне қарамастан білім беру процесіне белсенді тартуға ықпал етуі қажет.

Түрлі жас тобында педагогикалық процесті өткізуде мыналарды ескеру қажет:

- кіші жастағылар жұмысқа кештеу қосылады да ерте бітіреді;
- ересек жастағылар кіші жастағыларға қарағанда басқаша кіріседі;
- бір топта балалардың өзбетінше жұмысы, басқасында педагогпен бірлескен әрекет ұйымдастырылады.

Тәрбиеші-педагогқа алдын-ала оқу жылының басында әрбір аралас топта балалардың туылған мерзімі мен жасын көрсетіп, шағын топтар бойынша балалардың тізімін жасау қажет. Мұндай жұмыс топтағы балаларды шағын топтарға бөлуге мүмкіндік береді. Топтың толымдығына сәйкес балаларды былай бөлуге болады: 2 жастан 4 жасқа дейін, 4 жастан 6(7) жасқа дейін.

Балалардың ең жас мүмкіндіктері мен білім беру процесін саралау қағидаларына негізделетін жақын, шамалас жастарды ескеріп, топтарды жасақтау.

Мысалы, егер 5 жастағы бала сурет салу мен мүсіндеу техникасын жетік меңгермеген болса, онда оған біраз уақытқа дейін төрт жастағы балаларға өткізуге жоспарланған тапсырмаларды беруге болады. Немесе керісінше төрт жастағы бала сол немесе басқа әрекеттерде ерекше қабілеттерді көрсететін болса, онда оған тапсырманы күрделі етіп беру қажет. Ұйымдастырылған оқу қызметтері кезінде тәрбиеші барлық баланы ұйымдастырады, ересектің берген нұсқауларына сәйкес әрекет жасауды қалыптастырады, жаңа біліктер мен дағдыларға жоспарлы түрде сабақтастықта үйретеді, танымдық белсенділігін дамытады.

Педагог ұйымдастырылған оқу қызметін жалпы өтпелі тақырып арқылы өткізуі қажет, әртүрлі жас тобында бұл тәсіл барынша ыңғайлы және тиімді.

Өтпелі тақырыптар педагогқа уақытты тапсырманы түсіндіру мен оны орындауға үнемдей отырып, сол уақытты тиімді қолдауға, жұмыста кіші шағын топпен ересектердің тәжірибесін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, «Сурет салу» ұйымдастырылған оқу қызметінде II кіші топтың балаларына жаңа тақырыпты түсіндіру барысында ересектерді сурет салу әдістерін көрсетуге баулиды. Ал «Сөйлеуді дамытуда» бес жастағы балалар төрт жастағылардың заттардың атаулары мен сөздердегі дыбыстарды анықтауға тапсырманы орындағандарын тексереді.

«Сурет салу», «Мүсіндеу», «Құрастыру», «Жапсыру», «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру», «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметтерінде осындай оқыту жүйесі тақырыптарды жыл сайын күрделендіруге есептелген. Мысалы, «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» ұйымдастырылған оқу қызметінде төрт жастағы балаларды сандармен көрсетілген заттардың екі тобын салыстыруға үйретеді; бес жастағы балаларды – нақты материалға сүйене отырып, сандарды салыстыруға үйретеді; алты жастағы балаларды натурал қатардағы сандар арасындағы қатынасты орнатуға баулиды.

Үлгілік бағдарламаға сәйкес мәтінді мазмұндауға үйрету ортаңғы топтан басталады. Балаларды сурет сюжеті бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Барлық шағын жас топтарында педагог әңгімелеу үлгісін негізгі тәсіл ретінде қолданады:

- 4 жастан бастап балалар әңгіменің бөлігін қайталап айтып береді, қажет болған жағдайда педагог сөйлемдердің арасында үзіліс қысқа болуы үшін сөйлемнің басын айтып отырады;

- 5 жастағы балалар жүйені сақтай отырып, үлгіні толық қайталап айтып береді;

- 6 жастағы балалар әңгімені өзбетінше, логикалық жүйелілікпен, сюжетке өзінің көзқарасы мен оқиғаға қарым-қатынасын бере отырып, егжей-тегжейлі қайталап айтып береді.

«Сурет салу» ұйымдастырылған оқу қызметінде бірдей суреттерді: алма, ағаш, үй, адамның сұлбасы және т.б. салады. Бірақ 3-4 жастағы балалар заттың сұлбасын, формасын ғана салуды, 5 жастағы балалар заттардың бөліктерін көлемі бойынша салыстырады, бөліктерді салады, түстерін келтіріп береді, 6 жастағы балалар өздірінің суреттерінде барлық қолжетімді мәнерлік құралдарын қолдана алады.

Мысалы, «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Құрастыру», «Жапсыру» ұйымдастырылған оқу қызметтері барлық балаларға бірдей басталып, бірақ кішілері ерте аяқтап, тәрбиешінің көмекшісінің қасына барып, ойнауға кіріседі.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметінде өкшемен жүру дағдыларын қалыптастырады, келесі жылы сапқа тұруға, ал келесі жас кезеңінде үш қатарға сапқа тұрып қатармен жүруге үйренеді.

Осыған байланысты педагог ұйымдастырылған оқу қызметін ересек түрлі жас тобында барлық балалармен бір уақытта өткізуге болатынын ескеруі тиіс. Сондай ақ ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бөлігін ортаңғы топ



балаларымен, ал қалған бөлігін ересек топ балаларымен ұйымдастыруға болады. 6 жастағы балалармен «Сауат ашу негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметі өткізіледі, онда балалар сөздің құрылымы туралы бастапқы түсініктерді алады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды, штриховка жүргізеді және т.б.

Балалардың шағын тобымен бағдарламалық материал жеңіл меңгеріледі де нәтижесі жоғары болады да олардың жеке жұмыстарын қадағалауға және әрқайсысына мерзімінде көмек көрсетіледі.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы төрт жастағы балалар үшін - 15 минут, бес жастағылар үшін – 25 минут, ал алты жастағылар үшін – 30 минуттан артық болмауы қажет. Педагог балалардың бір тобымен айналысқанда олар бір бөлмеде болғандықтан қалған тобы немен айналысу қажет екенін алдын-ала ескеруі қажет.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің басында педагог тақырыпқа сәйкес оны өткізу жағдайларын, әрекет түрлерін, балаларды орналастыруды алдын- ала ойластыруы қажет. Мұнда педагогтың назарынан барлық жас топтары тыс қалмауы тиіс. Бұл балаларға саралау тәсілін, олармен жеке жұмыстарды жеңілдетеді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ортасында 1,5-2 минуттық сергіту сәті ұйымдастырылады.

Түрлі жас тобында білім беру процесін ұйымдастыру көбінесе топ қызметкерлерінің тәрбиеші мен оның көмекшісінің айқын, дұрыс қойылған жұмысына байланысты болады.

Білім беру процесін әдістемелік қолдауда «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығын басшылыққа алу қажет.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы:

Тақырыбы. Міндеттері (тәрбиелік, оқыту, дамытушылық)

I. Кіріспе бөлімі (тақырыпқа ену, өткен материалды балалардың қалай игергеніне жетелеуші сұрақтар, жаңа тақырыпқа көшу).

II. Негізгі бөлім (жаңа материал (ойын түрінде); бірлескен өнімді әрекет; жаңа материалды бекітуге сұрақтар.

III. Қорытынды бөлім (балалардың не ұнағанын, не есте сақталғанын сұрау, бекітуге сұрақтар, жаңа материалды бекітуге ойын).

Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында, ойын әрекетінде, режимдік сәттерде балалардың дамуын бақылайды, проблемаларды табады. Осы бақылаулар диагностиканы жүргізуге негіз болып табылады.

## ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ӨТКІЗУ ФОРМАЛАРЫ

Түрлі жастағы топтарда білім беру процесін ұйымдастырудың кешенді, топтық және жеке түрлерін қолданады, олар педагогтың балалармен және балалардың арасында өзара қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Ең тиімдісі жұмыстың әртүрлі формаларының үйлесуі болып табылады (ұжымдық жұмыс, шағын топтармен жұмыс және жеке сабақтар).

Дамытушылық міндетті фронталды түрде, ал білімділік міндетті бір шағын топпен (жаңа материалды хабарлау, білімді бекіту, кеңейту және нақтылау) шешкен тиімді болады.

Мысалы, 2 жастан 4 жасқа дейінгі балалар бар түрлі жас тобында:

1) *кешенді (жалпытоптық) форма:*

- I кезеңде жұмысты ортаңғы топ балалары бастайды: жаңа тақырып зерделенеді, жеке тапсырмалар орындалады. Содан кейін жұмысқа кіші топ балаларын қатыстырады. Олармен педагог, ал ересек балалар жұптасып жұмыс жасайды.

- II кезеңде жалпы барлық балалар үшін іс-әрекеттің басталуы: ойын жағдаяты, танымдық ізденушілік бағыттағы сұрақ, ұйымдастыру сәті. Кіші топтағы балалар жалпы ұйымдастырылған оқу қызметіне 10-15 минут қатысады: белсенді қатысу, пассивті тыңдау, пәндік әрекет, ересек балалармен бірлесе жұмыс істеу.

- III кезеңде кіші жастағы балалар жұмысты аяқтайды. Егер мүмкіндік болса, балаларды жатын бөлмеге немесе оқшауланған шешінетін бөлмеге шығару керек, онда олар тәрбиеші көмекшісінің қарауында ойнайды. Егер мүмкіндік болмаса барлық балалар қорытынды әңгімеге қатысады. Сонымен қатар ортаңғы топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы ұзақтығы 15-20 минутты құрайтынын ұмытпаған жөн.

2) *әртүрлі бағдарламалық мазмұн бойынша балалардың бір уақыттағы әрекеті.*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің бұл түрі Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының бірі бойынша шағын топтың бір уақыттағы жұмысын, бірақ әртүрлі бағдарламалық міндеттерін қарастырады. Мысалы, тәрбиеші көмекшісінің қарауымен арнайы жасалған ортада кіші топ балаларына ойын әрекеттері ұйымдастырылады, ал тәрбиеші ортаңғы топтың балаларымен ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізеді.

Тапсырмаларды орындағаннан кейін шағын топтар орындарымен ауысады.

3) *жастары бойынша балалардың жеке әрекеті.* Ұйымдастырылған оқу әрекетін ұйымдастырудың бұл түріне түрлі мазмұндағы танымдық-дамытушылық әрекеттің әр түрі бойынша балалардың топтық ұйымдасуы бар. Ұйымдастырылған оқу қызметінің бұл түрін жүзеге асыру мамандар немесе екі тәрбиеші жүргізген кезде мүмкін.

## ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМУЫШЫ ОРТАНЫ ҚҰРУҒА ТАЛАПТАР

Арнайы ұйымдастырылған заттық-кеңістіктік дамытушы орта баланың өз бетінше оқуға қабілетін дамытуға оң әсер етуге ықпал етеді.

Дамытушы орта өз қабілеттерін қолдануға, оның назарын аудартатын ойын материалдарының әсерімен өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктері негізінде ойнауға мүмкіндік береді. Осындай тәсілмен балалардың әрекетін ұйымдастыруда нәтижеге бағытталған даму механизмі қаланған. Бала алдына қойылған мақсатты іске асыруға бағытталған.

Дамытушы орта ынталандырушы рөлінде тұлғалық дамуды байытады, жан-жақты қабілеттердің ерте шығуына ықпал етеді.

Осылайша, дамудың заттық-кеңістіктік ортасы – бұл баланың психикалық әл-ауқатының, дамуының қауіпсіздік мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және құрал-жабдық пен басқа жабдықтарды қолдану.

### Заттық-кеңістіктік дамушы ортаны ұйымдастыруға талаптар:

- *жағдайдың жайлылығы мен қауіпсіздігі* көбінесе топ бөлмесінің безендірілуі үй жағдайымен ұқсас болуы арқылы жүзеге асады. Бұл қоғамдық білім беру мекемесінің балаға стресс тудыратын әсерін шешеді, сенімділік пен қауіпсіздік сезімін қалыптастырады. Табиғи, жайлы жағдайда болу нәтижесінде баланың оң эмоционалдық тонусының туындауы мен бекітілуі үшін алғышарттар қалыптасады, бұл табысты интеллектуалдық және тұлғалық дамудың негізі болып табылады.

Үй жағдайының әсеріне қазыналық жиһазды үйреншікті үстелдер, орындықтар, кресло, дивандар, жастықтар, кілемшелермен ауыстыру; оқу аймағы мен балалар әрекетінің басқа түрлерінің аймағы арасындағы шекті жою жолымен қол жеткізіледі;

- *сенсорлық әсерлермен байыту*. Топтық бөлмелердің заттарын олар түстің, пішіннің, материалдардың алуан түрлілігін, қоршаған әлемнің үйлесімділігін көрсететіндей таңдау қажет. Бұл үшін, әдетте, табиғи, түрлі материалдар, әртүрлі тұрмыстық заттарға көп орын бөлінеді.

- *кеңістікті арнайы материалмен қамтамасыз ету*. Мұндай бағдар сыртқы әлеуметтік әрекетті меңгеруге, өмірлік тәжірибе алуға әсер етеді, оның өз бетінше жұмыс істеуі мен бастамашылдығын дамытады. Сонымен қатар қызықты әрекетпен айналысу жағдайы ұйымдастырушылық және тәртіптік мәселелердің туындау қаупін төмендетеді.

- *тәжірибелік-эксперименталды іс-әрекетті ұйымдастыру*. Бұл жағдайда дамыту ортасын «оқыту» деп атауға болады.

Әр балаға дамудың өз қарқыны мен өз стилі тән: кейбір балалар бақылауарқылы ал кейбіреулері сынау мен қателесу әдісі арқылы білім алады. Бұл үшін алуан түрлі материал қажет: өлшегіш ыдыс, пішіндер, стандартты емес өлшегіштер, оқу құралдары мен аспаптар (таразы, сағаттар, күнтізбе және т.б.), таяқшалар, қағаз, су, саз, өзен құмы және басқалары.

Замануи зерттеушілер тікелей оқыту зерделенетін мазмұн мен оны қолдану мүмкіндігін түсінуге әкеле бермейтінін анықтады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жоспарлау кезінде қатаң емес орталықтандыруды (аймаққа бөлу) ұстанған жөн. Ортаны төмендегідей ұйымдастыруға болады:

- сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
- оқу орталығы, онда кітап бұрышы мен барлық ойындар, сөйлеуді дамыту мен оқу мен жазуды үйренуге баланы дайындау үшін құрал-жабдықтар кіреді, мұнда театрландырылған ойындар да болады;
- зерттеу орталығы, онда табиғат бұрышы және балалар эксперименті мен тәжірибесі үшін тиісті құрал-жабдықтар мен материалдар болады;
- құрылыс-конструктивтік ойындар орталығы;
- математика орталығы (игротека);
- өнер орталығы, онда өнердің көрнекі материалдары, балалар бейнелеу әрекеті үшін құрал-жабдықтар орналасады.

Сондықтан, пәндік-дамыту ортасы – ұтымды ұйымдастырылған, алуан түрлі сенсорлық тітіркенулер мен ойын материалдарымен байытылған табиғи қолайлы жағдай.

Топтық бөлмелерде жас топтары бойынша жиһазды дұрыс қою керек. Бұл ұзақ тәртіптік процесстерді саралау, жастары шамалас балаларға бірдей талаптар қою, керісінше әр жастағы балалардың әрекетін түрлендіру мүмкіндігін береді. Мысалы, жатын бөлменің тыныш бөлігінде кіші жастағы балалардың төсегін ыңғайлы орналастырған жөн. Ересек балалар бірінші тұрады (соңынан жатады), кіші жастағы балалардың ұйқысын бұзбайды. Үстелдерді жарық сол жақта түсетіндей терезелерге жақын қою керек. Үстелдерді тәрбиеші барлық балаларға көрінетіндей және естілетіндей дұрыс, балалар ешкімге бөгет жасамай үстелден еркін тұрып, үстелден шыға алатындай орналастыру қажет.

Балалардың толыққанды физикалық дамуы үшін жағдайларды жасауда жиһазды дұрыс таңдау керек. Ол пішіні бойынша жеңіл және ыңғайлы, гигиеналық жабыны бар ашық түсті болуы керек. Нысандардың жиһазы мен құрал-жабдығы балалардың бойы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес (Санитариялық қағидалардың 80-тармағы) болуы керек.

Нысандарда ойын, оқу кабинеттері үстелмен, арқасы бар орындықтармен жабдыкталады.

**МДҰ жиһазының таңбалануы мен өлшемдері**

<b>Жиһаз тобы</b>	<b>Балалар бойының тобы, см-мен</b>	<b>Үстелдің биіктігі, см-мен</b>	<b>Орындық отырғышының биіктігі, см-мен</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
<b>А</b>	<b>До 80</b>	<b>34</b>	<b>17</b>
<b>Б</b>	<b>80 – 90</b>	<b>35</b>	<b>20</b>
<b>В</b>	<b>90 – 100</b>	<b>43</b>	<b>24</b>
<b>Г</b>	<b>100 – 115</b>	<b>48</b>	<b>28</b>
<b>Д</b>	<b>115 – 130</b>	<b>54</b>	<b>32</b>
<b>Ж</b>	<b>130-дан жоғары</b>	<b>60</b>	<b>36</b>

Мектепке дейінгі топтардағы (3-6 (7) жастағы) балалардың күндізгі ұйқысын стационарлық екі қабатты кереуеттерде, жататын жері қатты жиналмалы кереуеттерде немесе түрлендірілетін (қайырмалы, жылжытылатын, домалатып шығарылатын) кереуеттерде ұйымдастыруға жол беріледі (89-тармақ). Түрлі жас топтарында балалар үшін негізгі жиһаз үстелдер мен орындықтар 3-4 мөлшерден кем болмауы керек.

Сондай-ақ заттық дамытушы ортаны жабдықтауда мектепке дейінгі ұйымның бағыты, өңірдің ерекшелігі мен педагогтың тұлғалық контенті ескерілуі қажет. Егер тәрбиеші өзінің тұтатын жері мен өз өңірінің тарихын зерттеуді ұнатса, ол дамытушы ортада жарқын көрінісін табады. Ал егер педагог халықтық сәндік-қолданбалы өнерге көңіл бөлгенді қалайтын болса да, ол да жасалған ортада көрінеді.

Бұл мақсатқа жету Үлгілік бағдарламаны жүзеге асыру арқылы іске асады. Педагог түрлі жас топтарында педагогикалық процессті ұйымдастырғанда әр баланы жасына, жынысы мен жеке ерекшеліктеріне қарамастан белсенді әрекетке жұмылдыруы қажет.

Топтың дамыту ортасын құру кезінде осы топқа баратын балалардың ерекшелігін ескерген маңызды: балалардың жасы, олардың даму деңгейі, қызығушылықтары, бейімділіктері, қабілеттері, жыныстық құрамы, тұлғалық ерекшеліктері мен басқалары.

Балалардың өмірін, олардың түрлі белсенді әрекетін ұйымдастыра отырып, тәрбиеші барлығынан бұрын денсаулық сақтау мен нығайтуға қамқорлық жасауы керек.

Күн тәртібін ұйымдастыру: әр түрлі жас тобы жағдайында балаларды жуындыру, тамақтандыру, киіндіру тәрбиешілердің үлкен шеберлігін, барлық қызмет көрсетуші қызметкерлердің жұмысының айқындығы мен үйлесімділігін, тыныш және жағымды орта құруды, ересектердің барлық балаларға әсіресе кіші жастағы балаларға деген ұқыпты қарым-қатынасын талап етеді.

Бұның барлығы маңызды, себебі күн тәртібі бойынша осы өмірлік маңызды процестерді өткізу үшін бөлінетін аз уақыттың ішінде балаларға тек қана дұрыс және тез қызмет етуді үйретіп қана қоймай, тамақтандыру, киіндіру және т.б. бағдарламалық талаптарға сәйкес әр түрлі жас топтары үшін қажет мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру қамтамасыз ету қажет.

Баланың дұрыс дамуы 2017 жылдың 17 тамызындағы ҚР Денсаулық сақтау министрінің № 615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалар негізінде құрастырылған күн тәртібін сақтау нәтижесінде қамтамасыз етіледі.

Жастары шамалас (2 жастан 4 жасқа дейін) түрлі жас топтарындағы күн тәртібінде екі жас топтары бойынша жұмысты жүргізу керек. Екі шағын топтағы сараланған жұмыс әрбір тәрбиешіге жеңіл, сонымен қатар әсіресе ересек жастағы балалардың тәрбие мен оқу сапасын едәуір көтеруге мүмкіндік береді.

Жастары жақын, аралас балалар топтарын жасақтауда балалардың максималды жас ерекшеліктерін ескеру қағидалары нәтижелі жүзеге асады.

Үш-төрт жастағы балалар үшін жалпы күн тәртібін анықтау кезінде (3 –тен 7 жасқа дейін) негізге орта жастағылардың күн тәртібі (бес жас) алынады және ал қалған балалар үшін күн тәртібі процестерінің ұзақтығында кейбір өзгерістер енгізіледі.

Ұқсас жастағы балалар топтарынан жинақталған топтар, олардың дамуы үшін ыңғайлы:

- тиісті жылы ауа тәртібін құру қиын;
- жас ерекшеліктерінің айырмашылықтары жұқпалы ауруларды қабылдаудың түрлі дәрежесін, гигиеналар және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының даму деңгейін, ұйқы қажеттілігін және қызметін және т.б. анықтайды;

- елеулі қиындықтар ғимаратты жиһазбен, ойыншықтармен жабдықтау кезінде, педагогикалық процесті жарактандыруда пайда болады;

Үнемі дұрыс күн тәртібі процестерін сақтауды кіші жастағы балалардан бастап, бірте-бірте ересек жастағы балаларды қосу керек (басқасы күндізгі ұйқыдан балалар тұрғаннан кейін өтеді).

Бұның барлығы әр түрлі жастағы балалардың бір топта бола отырып, табиғи сабақтастықпен және бірте-бірте қызметтің бір түрінен екіншісіне өтуге, жуыну кезінде кезекті күтуге уақытты жібермеуге жағдай жасайды.

Педагог екі шағын топтағы балалардың мүмкіндігі мен қажеттілігіне сәйкес күн тәртібін тағайындау керек.

Әр түрлі жастағы балаларды біріктіріп тәрбиелеудің көптеген оң тұстары да бар. Кіші жастағы балалардың ересек жастағы балалармен үнемі қарым-қатынасы достықты қалыптастыруға, қамқорлық жасау, дербестігіне жағдай жасайды.

Мұнда ересек жастағылар кіші жастағы балаларға киінуге көмектеседі, оларға ертегі айтады, ренжіткендерден қорғайды, яғни оларға қамқорлық көрсетеді. Кіші жастағылар үшін ересектердің көрсеткен үлгісінің маңызы зор. Кіші жастағылар ересектердің барлық жағымды қасиеттерін қабылдайды.

Кіші жастағы балалар дағдыларға тез үйренеді, ал ересектер сезімтал, қайырымды және көмектесуге дайын елгезек болып өседі.

Бөбектер ұйымдасқан ұжымға түседі, ересек балаларға еліктей отырып, оның ережелеріне жеңіл бағынады.

Осындай сипатта шағын мектепке дейінгі ұйым өмірін және балалардың әр түрлі қызметін дұрыс ұйымдастыру, қолайлы жағдай жасау түрлі жастағы балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

### ***Серуенді ұйымдастыру***

Серуен күн тәртібінде маңызды орын алады және балалардың жан-жақты дамуында маңызды құрал болып табылады.

Серуенді тиімді қолдану мақсатында түрлі жас топтарындағы барлық балалар үшін (ойындар, еңбек, бақылау және т.б.) ауада әр түрлі және мазмұнды әрекеті үшін қолайлы жағдай жасау керек.

Тәрбиеші серуенде де ғимарат ішіндегі сияқты барлық балалардың бос болмауына, өз құрдастарымен, ересек балалармен қызығушылықпен ойнауына, еңбек етуіне, қоршаған ортаның құбылыстарын бақылауына және т.б. жағдай жасауы тиіс.

Серуенді ұйымдастыруда мыналар маңызды:

- физикалық жүктемені бақылау, ойындарды және түрлі дәрежедегі қимылдарды кезектестіру, ересектерге еліктеп олар үшін зиянды және қиын қозғалыстарды орындау (қолмен тұру, жоғары баспалдақтарға өрмелеу);

- кіші жастағы балалардың қозғалыс ойындарын серуеннің ортасында жоспарлап, ересектермен ойын алаңына шыққан кейін бірден немесе серуеннің соңында топқа оралу алдында өткізу.

Мақсатқа және физикалық жүктемеге байланысты қимылды ойындар барлық балалармен (3-7 жастағы), екі аралас топтармен (3-5 жастағы) және бір топпен бөлек өткізіледі.

Екі немесе бір шағын топта ойнайтын ойындарға басымдық беру, себебі мұнда балалардың түрлі мүмкіндіктерін ескеру жеңіл болады.

Ойындарды бірге ұйымдастыруда ересек балаларға дене жүктемесі жеткіліксіз болатындықтан, апта бойы бірнеше рет және ересек балалармен қозғалыс ойындарын жеке өткізу жоспарланады.

Серуен барысындағы балалардың ойындағы өзара қарым-қатынасын үнемі бақылау қажет. Балалардың ойын кезінде қызыпжәне қозып кетпеуі мен үшін әрекетті ауыстырып отыруды қадағалаудың да маңызды зор.

Серуеннің соңына 30 минут қалғанда балаларды қалыпты әрекетке ауыстыруды қажет. Мұнда балалармен бақылау, сөздік ойындарын, әңгімелесуді өткізуге болады. Жер телімінен тыс жүйелі серуендер өткізу өте пайдалы.

**Жер телімі** – мектепке дейінгі ұйымның міндетті элементі. Балалар қыста 3,5-4 с. жылы уақытта 5-6 с. өткізетін дұрыс жоспарланған және жақсы жабдықталған жер телімінде, олардың үйлесімді дамуы үшін ыңғайлы жағдай жасайды.

Балалардың шынығу мақсатында жер телімінде болуы қуатты сауықтыру табиғи факторларын - су, күн, ауа кең қолдануға мүмкіндік береді.

Жер телімінде балалар қозғалыстың қажеттілігін шынайы қанағаттандыруға, сонымен қатар ойындарда, түрлі гимнастикалық жаттығуларда, еңбек барысында өзінің қозғалыс білігін жетілдіруге мүмкіндік алады.

Балалардың жақсы жұмыс қабілетіннің жайын қолдайтын белсенді қозғалыс әрекетіне сәйкес, эмоциональдық тонусқа жақсы көгалдандырылған және жабдықталған жер телімі оң ықпал етеді.

Жер телімі дене тәрбиесінің жекелеген түрлерін жүзеге асыру, еңбек дағдыларын тәрбиелеуге, ойлау, сөйлеудің дамуы, қоршаған ортамен танысу үшін педагогикалық және тәрбие мақсатында қолданылады.

Түрлі жас топтары жер телімінде тәрбиеші ұйымдастырған түрлі даму мен балалардың өз бетінше қозғалыс әрекеті үшін:

- ауа райы бұзылғанда балалар жаңбыр мен желден қорғана отырып айналыса алатындай көлеңкелі қалқанша;

- балалар ойнайтын және үстел үсті ойындарымен айналысатын, балалардың өсуіне сәйкес түрлі биіктіктегі орындықтары бар үстелдер болуы;

- құм жәшігі жанынан кіші жастағылар ойнайтын, бәліш жасайтын, балаларға арналған үстел орнату;

- сюжеттік-рөлдік ойындарға арналған арнайы орындар мен құрал-жабдықтар ( күрделі емес құрлыстар –үйшіктер, автобус, кеме және т.б.).

- дене шынықтыруға арналған құрал-жабдықтар (жеңіл баспалдақ, қалқандарға лақтыруға арналған, тепе-теңдік жаттығуларына арналған бөрене және т.б.);

- ойын құрылыстарынан тыс жазық алаң болуы қажет.

Жер телімінде құрал-жабдықтарды тиімді орналастыру есебінен әр түрлі баяу қимылды ойындарға (құммен, сумен, дидактикалық және сюжеттік ойыншықтармен) арналған шағын кеңістік бөлінеді.

Балаларға жолда жүру ережесін оқыту үшін тақырыптық алаң қарастырылған, егер МДҰ құрамында 2-3 мектепке дейінгі топ болса, онда кезекпен топтар қолданатын арнайы жалпы дене шынықтыру алаңдары жабдықталуы керек.

Учаскеде табиғат бұрышы мен бақшаға орын қалдырылуы керек.

**Таңғы гимнастика**



Таңғы гимнастика күн тәртібіндегі денешынықтыру-сауықтыру жұмысының міндетті компоненті.

Ол түнгі ұйқыдан кейінгі сергектікті көздейді; барлық бұлшық еттердің жаттығуын қамтамасыз етіп, сымбатты болуға ықпал етеді, алдағы жүктемелерге балалардың ағзасын дайындайды.

Таңғы гимнастика күн тәртібіне бірінші кіші топтан бастап енгізіледі және күнделікті барлық жас тобындағы балаларға ұйымдастырылады. Оның ұзақтығы, жүктеме қарқындылығы, жаттығулар саны мен қайталануы балалардың жасына сәйкес болады.

Әдетте, кіші жастағы балалар ересек балалардан гөрі жаттығуды аз жасайды. Ересек балалардан қозғалыстарды нақты және сапалы орындау талап етіледі. Ересек балалар жаттығуларды көп жасауы үшін біреулеріне жаттығуларды орындап, кіші жастағы балаларға қалай жасау керектігін көрсету ұсынылады, ал кейіннен осы жаттығуды кіші жастағы балалармен бірге жасайды.

Жаттығулар кешеніне тек ересек балалар үшін ғана күрделі жаттығулар енгізілсе, ересек балалардың мұндай жаттығуларды орындауын кіші жастағы балалар бақылайды және демалады.

Сонымен, таңғы жаттығуларға басшылық жасауда, жаттығуларды іріктеу кезінде түрлі жас топтарының тәрбиешілері қолданыстағы жалпы нұсқауларға сай өз тобының жас мөлшерлік құрамын ескеруі қажет.

### ***Жуынуды ұйымдастыру***

Мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіндегі негізгі элементтердің бірі. Тұрақты гигиеналық дағдыларды қалыптастыруға, дербестігін дамытуға, өзара көмек беруге тәрбиелеуге ықпал етеді. Жаттығулар сараланып жүргізіледі, алайда балалар барлығына арналған мынадай жалпы ережелерді меңгеруі тиіс:

- жуынатын бөлмеге біртіндеп, шағын топпен кіру;
- бірінші кезекте кіші жастағы балалар қолдарын жуады, ересек балалар оларға көмектеседі және үйретеді;
- қол жуғыштың алдында ұзақ тұрмау;
- жеңді түріп, қолды жуу, еденге төкпеу.

### ***Тамақтануды ұйымдастыру***

Баланың толыққанды физикалық және жүйке - психикалық дамуы өсіп келе жатқан ағзаның жас қажеттіліктеріне сәйкес құрамында барлық керекті азықтық компоненттерді, минералды тұздарды, дәрумендерді, қажетті азық-түлік жиынтығын пайдалануды көздейтін құнарлы тамақтанумен қамтамасыз етуде ғана мүмкін.

Әрекет кезінде және нақты жүктемелерді орындауда адам ағзасы ұдайы толықтырылып отыруы тиіс едәуір механикалық жылу энергиясын жұмсайды. Бұл толықтыру азық-түліктер есебінен жүреді. Дегенмен, өсіп келе жатқан ағза тек шығындалған энергия орнын толықтыруды талап етіп қана қоймайды, сондай-ақ ағзаның мүшелері мен тіндерінің өсіп, дамуы үшін тағам құрамындағы пластикалық материалдардың да маңызы зор.

Тағам мөлшері құрамына балалардың дұрыс дамуы үшін қажетті маңызды микроэлементтер: натрий, калий, магний, темір, марганец, кальций енетін азық-

түліктерді қамтуы тиіс. Бұл микроэлементтер зат алмасу процесіне қатысады және жармаларда, бұшақ тұқымдастарда, көкөністерде, сүт өнімдерінде болады.

Тамақтану жиілігі және қолайлы жағдай жасау баланың дұрыс тамақтану рефлексінің қалыптасуына мүмкіндік туғызады, бұл жақсы тәбет пен тағамның сіңірілуінің кепілі. Үстел басында тамақтанған кезде балаларды асықтыруға, күштеп тамақтандыруға, көндіруге болмайды. Бұл кейбір тағам түрлерінен тұрақты түрде бас тартуға әкелуі мүмкін. Баланы тамақ ішуге мәжбүр етуге болмайды, тамақ ішуге ниеті оянатандай жағдай жасалуы тиіс.

Дені сау балаларда жақсы ұйымдастырылған тамақтану жағдайында тәбетінің болмауы байқалмайды. Егер балалардың біреуі нашар тамақтанса, тәрбиеші ең алдымен оның себебін анықтауы тиіс, тәбеттің болмауы қандай да бір ауру түрлерімен байланысты болуы мүмкін. Мұндай жағдайда мектепке дейінгі ұйым дәрігерінің кеңесі қажет.

Балабақшада әрбір тамақтану уақытын балаларды мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына тәрбиелеу үшін қолайлы сәт ретінде пайдалану қажет. Ересек мектеп жасына дейінгі балалар барлық ас жабдықтарын, майлықты қолдана білуі, тағамды дыбыс шығармай шайнап, ұқыпты тамақтану, үстел басында дұрыс отыра білулері тиіс.

Тамақтанар алдында барлығы қолдарын сабынмен жуып, құрғатып сүртеді, үстел басына жинақы болып отырады. Тамақтанып болғаннан кейін сумен ауыздарын шаяды. Тамақтану кезінде балаларға жеке тәсілді қолданудың қажеттілігі мынада, кейбір жағдайларда (топқа жаңадан келген балаларға қатысты) егер бала бұрын жеп көрмеген бір тағам түрін басқасымен ауыстыруға болады.

Баланы біртіндеп мектепке дейінгі ұйымда әзірленетін барлық тағам түрлеріне үйрету қажет.

### ***Күндізгі ұйқыны ұйымдастыру***

Күндізгі ұйқы мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс дамуы үшін қажетті. Ол белсенді сергектіктің ұзақ кезеңінен кейінгі демалысты, сондай-ақ күннің екінші жартысында баланың күш пен қуатты үшін жинақтауын қамтамасыз етеді. Балалар жақсы желдетілген, тікелей күн сәулелерінен қорғалған бөлмеде ұйықтауы керек.

Түлі жас топтарының күн тәртібіндегі күндізгі ұйқының ұзақтығы бір топтағылармен салыстырғанда кіші жастағы балалардың ұйқысы қысқа болады, сондықтан кіші жастағы балалардың тез ұйықтауы және жақсы демалуы үшін қолайлы жағдай жасау өте маңызды. Оларды ұйқыға бірінші дайындау және ұйықтату қажет.

Топта ұйқыға дайындық кезінде қолайлы жағдай жасауды да үнемі ескеру қажет. Ол үшін балаларды шешінуге және киімдерін ұқыпты қоюға, жүгірмеуге, қатты сөйлемеуге үйрету керек.

Ереже – тыныштықты сақтау, балалардың ұйқысына бөгет жасамау.

Осыған байланысты ыдысты қашан және қалай жуу керектігін ойластыру, балалардың ұйқысы мен түстен кейін топты жинауды үйлестіру, ұйықтап жатқан

балаларды бақылауды қамтамасыз ету қажет.

Күндізгі ұйқының қысқаруы мен ұзаруы бала денсаулығы үшін зиян екенін есте сақтау қажет, ол топ жұмысын бұзады, кешкі уақытта тәрбие жұмысын жүргізуде қосымша қиындықтар келтіреді.

**Ұйқыдан кейін балалардың бірлескен және дербес әрекетін ұйымдастыру** – күрделі және жауапты іс.

Педагог балаларды ұйқыдан тұрғызып және шынықтыру шараларын өткізіп қана қоймай, сонымен қатар түрлі жастағы балалардың дербес әрекетін (ойын, еңбек және т.б.) ұйымдастыруды бірлескен ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізумен үйлестіре білуі қажет.

Түрлі жастағы балалармен дербес әрекет ұйымдастыруға және олардың арасында жағымды қарым-қатынас қалыптастыруға, балалардың түрлі қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін көре білуге, түсініктерін байытуға және нақтылауға, біліктерін дамытуға ерекше көңіл бөлу маңызды.

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ОЙЫН ӘРКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Мектепке дейінгі жас - бұл өзіне жақын ересек адамдармен, сондай-ақ құрдастарымен ойын және шынайы қарым-қатынас арқылы әлеуметтік кеңістікті адами қарым-қатынастарды игеру кезеңі. Мектепке дейінгі жаста негізгі әрекет түрі-ойын. Бала ойында қоршаған ортамен өзара әрекет жасау дағдыларын игереді, өзінің әрекеттерін реттеуге үйренеді және қоршаған ортаны тікелей әрекет барысында таниды.

Ойында әлеуметтену процесі жүзеге асырылады. Әлеуметтену кең мағынада – бұл адамның өмір бойы қоғам мәдениетін игеру және қайта жаңғырту процесінде өзін-өзі іске асыруының дамуы. Тұлғаның әлеуметтенуі – бұл оның тілі мен қоғамдағы мінез-құлқы, шығармашылыққа деген қабілеті, өз халқының мәдениетін қабылдауы.

Ойын әрекетінде баланың әлеуметтену процесі жүреді. Ойында бала дамиды және өзін-өзі көрсетеді, мәдениетті игереді, қоғамның әлеуметтік нормалары мен құндылықтарын бойына сіңіреді. Балалардың ойындары мақсаттары, мазмұны, ұйымдастырылуы бойынша әртүрлі болып келеді.

Балалардың ойындарын шартты түрде үлкен екі топқа біріктіруге болады: балалардың дербестігі мен шығармашылығын көрсетуі үшін жағдайлар жасалатын, ересектер жанама түрде қатысатын ойындар (сюжеттік, сюжетті-рөлдік, танымдық ойындар) және дидактикалық (үйреуші) бағыттағы ойындар, онда ересек балаға ойын ережесін хабарлай отырып әрекеттің ретін айтады. Ойындардың барлық түрлері баланың дамуына ықпал етеді.

Сюжеттік және сюжетті-рөлдік ойындар сюжеті, шарттары бойынша алуан түрлі. Дидактикалық, үйретуші ойындар дамудың нақты міндеттерін шешуге бағытталады. Ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-эстетикалық тәрбиесінің құралы ретінде де маңызды. Музыкалық ойындар

дидактикалық және қимылды ойындар элементтері жиі үйлесім табатын хормен айтылатын, сюжетті және сюжетсіз болуы мүмкін.

Олар балалардың эстетикалық тәрбиесіне, дене және ақыл-ой тәрбиесіне де елеулі ықпал етеді. Ойын-сауықтар эмоционалды-жағымды көңіл-күй туғызады, қимыл белсенділігінің дамуына ықпал етеді. Ермек ойындар балалар мен ересектердің арасында эмоционалды байланыс орнату үшін негіз бола алады.

Ойында бала тұлға ретінде дамиды, нәтижесінде оның оқу және еңбек әрекетінің, адамдармен қарым-қатынасының табыстылығы тәуелді болатын психологиялық қырлары қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас тобында балалармен жұмыс кіші жастағы балаларға да және ересек балаларға да қызықты болатындай етіп ұйымдастырылуы тиіс. Ойын-сауықтарда және арнайы тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметтерінде ойындарды қолдану аталған міндетті шешуде септігін тигізеді. Ойындар тәрбие процесін эмоционалды қанық, қызықты етеді және ең құндысы ойындар даму мен тәрбие міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Түрлі жас тобында әлеуметтену бойынша жұмысты ұйымдастыру балалардың әрекеті мен дамуын белсендірудің құнды әдісі болып табылады.

Түрлі жас топтарындағы ойын әрекетін мазмұнды ұйымдастыруда топ бөлмелеріндегі кеңістікті дұрыс қолдану, ойыншықтар мен әдістемелік құралдарды таңдау мен оларды дұрыс орналастыру өте маңызды.

Түрлі жас тобы балалары үшін ойын кеңістігін ұйымдастыруда педагог балалардың жасына сәйкес ойын барысын ойластырып, жабдықтар мен материалдарды дұрыс таңдау қажет.

Түрлі жас тобындағы ойын балалар мен педагогтың және балалардың бір-бірімен ықпалдастығы үшін жағымды жағдайларды құратын болғандықтан үлкен нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

**Дидактикалық ойындарда** әр түрлі жас топтарында білім мен дағды бекітіледі, бағдарламалық материал игеріледі.

Тәрбиеші балаларды оқыта отырып, олардың ойынына қатысады, ал балалар ойнай отырып, үйренеді.

**Сюжеттік-рөлдік** ойындар балалардың жас ерекшелігіне қарамастан, егер балалар арасында рөлдер дұрыс бөлінсе, әрбір баланы ерекше қызығушылыққа баулиды.

Педагогқа әр түрлі жастағы балалардың дұрыс өзара қарым-қатынасын дамыту қажет. Оған қажетінше көңіл бөлінбесе ересек балалар кіші жастағыларға жағымсыз көзқараспен қарауы, олардың қызығушылығы мен әрекетімен санаупауы мүмкін.

Ойында кіші жастағылардың ықпалдастығы 4-5 жастағы балаларға салыстырғанда 6-7 жастағы балалармен жақсы орнайды.

6-7 жастағы балалар өздерін ересек санай отырып, кіші жастағылармен қарым-қатынасты жақсы жасайды және оны реттейді. Оларды өздері білетіндеріне үйретуге тырысады және ол жерде өздерінің артықшылықтарын көрсетпейді. Ал 4-5 жастағы балалар бұны жасай алмайды, 2-3 жастағы

балалармен өзара түсінбестік туындап, ол ойынның бұзылуына алып келетіндігін айтып, педагогқа жиі шағымданады.

Сонымен қатар ересек баланың қызығушылықтарын да өз құрдастарымен ойнау, өзінің жеке сұраныстарын қанағаттандыруды да ескеру қажет.

Қозғалыс белсенділігін дамыту үшін **қимылды ойындарда** ересек жастағы балалар кіші жастағы балаларға кеңпейілділік пен шыдамдылық танытуы қажет. Сондықтан осындай ойындарды ұйымдастыру кезінде ересектер тарапынан қолдау және көмек көрсету мақсатында түрлі жастағы балаларды біріктіруге болады.

Балалар өз күштеріне сенген жағдайда олардың ойынға қызығушылықтары арта түседі. Ересек балалар үшін ойын күрделендіріледі.

Бірлескен әрекет кезіндегі қарым-қатынас әр жастағы балалардың өзара әсер етуі үшін, өзара көмек көрсетуді, ересек балалардың кіші жастағы балаларды оқытуды ұйымдастыру үшін үлкен мүмкіндік береді.

Түрлі жас топтарындағы балалар үшін ойын кеңістігін ұйымдастыру кезінде педагог ойын барысын ойластыруы, жастарына сәйкес құрал-жабдықтар мен материалдарды дұрыс таңдауы қажет.

Сонымен, балалардың өмірін ұйымдастыруда, белсенді әрекетін түрлендіруде тәрбиеші, алдымен, әр баланың денсаулығын сақтау мен нығайту туралы, оның толыққанды физикалық дамуын ойлауы, сергек көңіл-күйін қалыптастыруы қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Түрлі жас топтарында педагогикалық процесті ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар, педагогтан барлық жас топтары үшін Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын білу, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, жұмыс істей білу, зейінін дұрыс бөлу қабілеті, әр баланы және барлық топты толықтай түсініп, көре білу талап етіледі.

Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес түрлі жас топтарындағы балалар үшін айқындалған мақсат пен міндеттерді орындау мектепке дейінгі ұйымның әртүрлі тәсілі есебінен әр жастағы шағын топ үшін сараланады.

Педагог түрлі жас топтарындағы балалармен жұмыстың түрлері мен әдістерін таңдауды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды сақтау негізінде, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым қызметінің бағытына, оның жабдықталуына (материалдық-техникалық база) және педагогтың кәсіби әлеуетіне байланысты іске асырады.

Түрлі жастағы балаларды бірлесіп тәрбиелеудің барлық ұтымды жақтарын қолдану ұжымда дұрыс қарым-қатынастың, балалардың бірлескен ойындарға, жалпы істерге, ұжымдық еңбек әрекетіне қызығушылығының қалыптасуына ықпал етеді.

Бірақ мұның барлығы өздігінен жүзеге асырылмайды, педагогтың күнделікті және ауқымды жұмысының, балалар өмірі мен дербес әрекетін дұрыс ұйымдастырудың нәтижесі болып саналады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы № 319 2007 жылғы 27 шілде.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
3. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидалар, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы.
4. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚРҰҚ 2016 жылғы 13 мамыр № 292.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.
7. Мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР БҒМ 2013 жылғы 29 мамырдағы № 206 бұйрық.
8. В.Н. Аванесова «Воспитание и обучение в разновозрастной группе». – М., 1979.
9. Т.Н. Доронова «Воспитание детей в малокомплектных дошкольных учреждениях». ж-л «Д/в» - 1984 - №2, с.46-50.
10. М.В. Минкина «Работа в разновозрастной группе д/с». – Минск, 1963.
11. Л.Л. Тимофеева, Е.Е.Корнеичева, Н.И. Грачева «Планирование образовательной деятельности с дошкольниками в режиме дня. Разновозрастная группа. Методическое пособие». М.: Педагогикалық білім беру орталығы, 2013
12. Е.Г. Давидчук «Организация деятельности детей в разновозрастной группе». СПб.: ФЕНИКС, 2002
13. Т.Н.Доронова, С.Г. Якобсон «Воспитание детей в малокомплектных дошкольных учреждениях». Мектепке дейінгі білім беру. 2004 №2
14. И.Б. Едакова, В.А. Колпакова «Разновозрастная группа детского сада», ж-л «МДҰ тәрбиешісі» № 6, 2007 ж.

**МАЗМҰНЫ**

1.	Түсіндірме жазба	3
2.	Түрлі жас топтарынның қызметін ұйымдастыру	4
3.	Түрлі жас топтарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың негізгі тәсілдері	6
4.	Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау	7
5.	Дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар	11
6.	Түрлі жас топтарындағы күн тәртібін ұйымдастыру	14
7.	Мектепке дейінгі ұйымдардағы түрлі жас топтарында ойын әркетін ұйымдастыру	19
8.	Қорытынды	22
9.	Қолданылатын әдебиеттер	23
10.	Қосымша	13